

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 177 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 қаңтарда № 6802 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 04.09.2017 № 93 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылға арналған Қамысты ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 04.09.2017 № 93 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі

Ж. Бисимбаев

Әкімдіктің

2016 жылғы 30 желтоқсан

№ 177 қаулысына қосымша

2017 жылға арналған Қамысты ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 04.09.2017 № 93 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

--	--	--	--	--

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
			Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	
1	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Адай орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Адаевка ауылы	24	16119	үш жаска дейін - 5000 үш жастан бастап-5200
2	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Бестөбе орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Бестөбе ауылы	27	16119	үш жаска дейін - 5489 үш жастан бастап-6867
3	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Бестау негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы жарты күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Аралкөл ауылы	9	9685	

4	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Дружба негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Дружба ауылы	12	16119	үш жасқа дейін-6783 үш жастан бастап-7980
5	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Жайылма негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Жайылма ауылы	20	16119	үш жасқа дейін-4000 үш жастан бастап-4600
6	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің № 1 Қамысты орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы жарты күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Қамысты ауылы	16	9685	
7	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің № 2 Қамысты орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Қамысты ауылы	70	16119	үш жасқа дейін -6000 үш жастан бастап-6500

8	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Клочков орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Клочково ауылы	18	16119	үш жасқа дейін - 6200 үш жастан бастап-6405
9	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Краснооктябрь орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Арқа ауылы	48	16119	үш жасқа дейін - 5000 үш жастан бастап-5200
10	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Ливанов орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Ливановка ауылы	11	16119	үш жасқа дейін - 5158 үш жастан бастап-5500
11	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Талдықөл негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Талдықөл ауылы	15	16119	үш жасқа дейін- 4640 үш жастан бастап-5530

12	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Орқаш негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы жарты күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Орқаш ауылы	9	9685	
13	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Фрунзе негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық, Фрунзе ауылы	16	16119	үш жастан бастап-5200
14	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Айналайын" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Қамысты ауылы	140	28000	үш жасқа дейін - 5500 үш жастан бастап-6300
15	Қамысты ауданы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Ақбота" бөбекжай" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Қарабатыр ауылы	40	28833	үш жасқа дейін - 5060 үш жастан бастап-6270
		"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Қарлығаш"			

16	Қамысты ауданы	бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Алтынсарин ауылы	113	32030	үш жасқа дейін-6500 үш жастан бастап-7000
----	----------------	--	-----	-------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК